

СЕКЦИЯ № 13

НОВЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ В КОНТЕКСТЕ ГЛОБАЛЬНЫХ  
ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ

ӘОЖ 02.31.21

Абдашев Нурболат<sup>1</sup>

<sup>1</sup>М.Тынышбаев ат. Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Алматы қ., Қазақстан.  
anasova\_76@mail.ru

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК БЕЛГІЛЕРІ

**Андатпа.** Мақалада әлеуметтік қауіпсіздік белгілері қарастырылады

**Аннотация.** В статье рассматриваются основные знаки социальной безопасности

**Abstract.** The article deals with the main signs of social security

**Түйінді сөздер:** әлеуметтік қауіпсіздік, ұлттық қауыпсіздік, діни қатынас

**Ключевые слова:** социальная безопасность, национальная безопасность, религиозное отношение

**Keywords:** social security, national security, religious attitude

Қоғамдағы тұрақтылықтың басты кепілі – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттығы екені барлығымызға белгілі.

Бүгінгі таңда түрлі конфессиялар өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді қарым-қатынас жасауы үшін елімізде қолайлы жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар басқа елдер үшін үлгі болып табылады. Алайда, кейбір дінге сенушілер агрессия мен діни радикализмнің қауіпті формаларына бой алдырып, азаматтардың қауіпсіздігі мен мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіруде. Соңғы кездері экстремисттер бейбітсүйгіштікке, ұстамдылыққа баулитын және өзге діни көзқарастарға түсіністікпен қарауға тәрбиелейтін ислам дінін ушықтыруға, басқа өркениеттермен қақтығыстыруға талпынуда, осы арқылы тек дінаралық татулықты емес, сонымен қатар мұсылмандар арасында да іріткі салуда. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек деп атай отырып, ХХІ ғасырдағы Қазақстандағы дінге ерекше көңіл бөлді. Шындығында, дін зайырлы қоғамымыздың ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан құзырлы мемлекеттік мекемелер еліміздегі діни қатынастарды одан әрі дамытуға әрқашанда мүдделік танытады.

Соңғы кезде әлемнің көптеген елдері үшін терроризммен күрес мәселесі аса өзекті болып отыр. Терроризм – бұл қылышынан қаны тамып тұрған зұлмат. Терроризм барлық түрлері және көріністерімен, ауқымы және қарқындылығымен, зұлымдығы және қанішерлігімен бүгінгі заманда ең өткір мәселеге айналды.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде - кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» деп ұлағатты сөз айтты.

Бұл жағдаят адам, қоғам, мемлекет дамуының маңызды қырларын ашып көрсетеді. Сондықтан, мемлекеттің жастарды тәрбиелеуге, тәні сау және рухани бай жастар ортасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөліп, оны ашық түрде талқылағанымыз жөн болады.

Бүгінде терроризм жалқы себептер мен жалғыз фактордың әсерінен қалыптасып отырған жоқ, керісінше, тұтас проблемалар шоғыры әсер етіп отыр. Олар: қарама-қайшы

екі жүйенің текетіресі, аймақтық қақтығыстар мен ұлтаралық араздық, халықаралық есірткі саудасы мен заңсыз қару-жарак тасымалдау және ең басты себебі - әлемдік даму теңсіздігі болып отыр.

Қазіргі кезде ең көп таралған лаңкестік – дінді бетперде еткен түрі. Олардың негізгі мақсаттары – әртүрлі діни сенімдерді пайдалана отырып, адамдардың пікіріне әсер ету, билікті ұстап қалу, ұлтаралық соғыстар, талас-тартыстар ұйымдастыру, дінді саяси құрал ретінде пайдалану. Лаңкестікке қарсы күресудің мақсаты рухани және материалдық, экономикалық тұрғыдағы нысандарды залалсыздандыру. Сол үшін лаңкестіктің пайда болу тарихын, оның түрлері мен алуан көріністерін, сондай-ақ қауіптің алдын алуды да білген абзал.

*Рухани экстремизм* де бүгінгі күннің ең сорақы көріністерінің бірі болып отыр. Немесе оны ақпараттық терроризм деп те атайды. Қоғамдағы дәстүрлі мұра мен тіл, салт – дәстүр, психология мен идеологияны жою, мүлдем басқа жаққа, өз мүдделеріне бұру – рухани экстремизмнің белгілері. Рухани экстремизм өте қауіпті. Ол ғылым мен техниканы жауыздыққа да жұмсай алады. Әлемнің бірінші ұстазы атанған Аристотель: «Адам жанының жасампаздық аталатын тамаша қасиеті бар. Ол арқылы адам баласы өз мақсатына жете алады. Мақсатыңыз дұрыс болса, жасампаздық жақсылыққа жетелейді. Егер мақсатыңыз қараңғы болса, зияны алапат жауыздыққа ұласады» деген болатын. Ақпараттық терроризм сіздің де мақсатыңызды улап алуы мүмкін. «Тозаққа барар жол да ізгі ниетпен төселген» дейді. Алдау-арбауға түсіп тозаққа бара жатқандарын білмейтіндер де көп. Экстремистік топтар ақылға емес, сезімге әсер ету арқылы жақтастарының сөзсіз бағынуын қадағалап, өз дегенімен емес, өзгенің бұйрығымен жүріп, санасына сіндірілген мақсатына жетуде ештеңеден тайынбайтын мәңгірттерді дайындап шығарады.

Қазіргі кезде ҚР көптеген діни экстремистік ұйымдарға тиым салды. Сонымен қатар жастардың есінде сақтап жүру үшін мына ережені ұсынғым келеді. Мұны білу өте маңызды!

1. Сізге таныс емес, көшеде кездескен адаммен дін ұйымның жиналысына шақыратын дін тақырыбындағы диалогқа араласпа!

2. Қандай да болсын кездескен діни ұйымның сенушілері мен ілімін таратушыларға бірінші кездескенде өзіңіздің діни көзқарасыңызды білдірмеуге тырысыңыз.

3. Егер сіз алдыңызда тұрған уағыздаушыға сол діни ұйым туралы сұрақ қоюға шешім қабылдасаңыз, онда ешқандай кері әсерсіз болғаны жөн.

4. Егер сізге діни бағыттағы парақтар, брошюралар, журналдарды оқуға ұсынса рахмет айтып, сыпайы түрде бас тартыңыз.

5. Егер сіз діни жиналыстарға қатысуға шешім қабылдасаңыз, олар туралы көбірек білуге тырысыңыз, туысқандарыңызбен, достарыңызбен, жай адамдармен ақылдасыңыз.

6. Діни ұйымдардың жиналысына қатыссаңыз, есіңізде сақтаңыз: миссионер – уағыздаушылардың басты мақсаты – Сізді өз сенімдеріне кіргізіп алу. Ал, Сіздің мақсатыңыз – деструктивтік діни ұйымдардың ықпалына түсіп қалмау.

7. Діни жиналыстарға жалғыз қатыспаңыз, қасыңызға досыңызды немесе туысыңызды ертіп жүріңіз.

8. Сіз туыстарыңыз бен жақындарыңызды тыңдамай рухани тұрғыда денсаулығыңызды түзеу үшін теріс бағыттағы діни ұйымдардың қатарына қосылу тұрарлық деп ойлайсыз ба?

9. Бұл өмірден бір мақсат пен жетістікке жету үшін, жаныңызға тыныштық табу үшін дәстүрлі емес бағыттағы шіркеулер, миссиялар мен ұйымдарға жоламағаныңыз жөн.

10. Есіңде болсын! Есте сақта! Құдайға сену, яки сенбеу - өз қолыңда! Өзге діннің жетегінде кетем деп достарың мен жақындарыңнан айрылғың келмесе, Ойлан! Елбасымыздың сөзімен қорытындылағым кеп отыр. «Діни экстремизмді алатын болсақ, ол адамдар арасына ірткі салуға, өшпенділік отын тұтатуға, қантөгістер ұйымдастыруға жол ашады. Пиғылы бөтен, қазақтың болмысына жат ағымдарға қазір тосқауыл қоймасақ, онда

ертең бірлігімізге сызат түседі. Егер елімізде нағыз таза мұсылман, Құранның жолымен жүретін халық көп болса елде береке, бірлік тыныштық болады». БҰҰ-ның жіктеуі бойынша мемлекет жүйесіндегі адамның қауіпсіздігіне қатысты негізгі факторлар төмендегідей:

- *Экономикалық қауіпсіздік;*
- *Азық-түлікпен қамтудың қауіпсіздігі;*
- *Денсаулықтың қауіпсіздігі;*
- *Экологиялық қауіпсіздік;*
- *Жеке бастың қауіпсіздігі;*
- *Қоғамдық қауіпсіздік;*
- *Саяси қауіпсіздік*

Ұлттық қауіпсіздіктің міндеті елдің негізгі, өмірлік аса маңызды мүдделері – ұлттық дербестікті, аумақтық тұтастықты, халықтың өмірін қорғауды кепілді түрде қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің өмірін қамтамасыз ететін жүйе ретінде танылады: ұлттық қауіпсіздік болмаған жерде мемлекеттің өзі де жоқ. Қазақстан қоғамында татулық пен өзара түсіністік ахуалын орнықтыру, ел халқының тұрмыс жағдайын жақсарту тұрғысында жүргізіліп отырған шаралар біздің еліміздің ондай қатерлерге қарсы тұра алатын ішкі рухани және сыртқы материалдық қуатын барған сайын нығайта түсері анық. Қазақта «жақсы ниет жақсы іске жетелейді» деген сөз бар. Ал жақсы іс өз кезегінде бейбіт болашақтың бүгінгі егілген ұрықтары екендігін естен шығармайық. Басты байлық – бірлікте. Біз үшін еңбасты проблема – Кеңестер Одағы құлағаннан кейінгі орасан зор ауқымдағы рыноктан айырылып қалғандығымыз. Осы арқылы маңызды экономикалық тартымдығымыз бен экономикалық тамырымыздан біраз жылдар бойы ажырап қалдық. Бұл салыстырмалы тұрақсыздық өз кезегінде әлемдік ірі экономикалық орталықтардың арзан шикізат көлеміне қарай тартылуын күшейтті.

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы - олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде әрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Әйтсе де, жас өспірім балалар үшін ақпарат құралдарының беретін мәліметі де жеткілікті емес. Секталардың, экстремистік топтардың қауіпі туралы жастарды көбірек хабардар етіп отыру қажет. Ол үшін «Дінтану» сабағымен қоса мамандар қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырулары керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Н. Назарбаев. Сыздарлы он жыл. – А., 2003. 92 б.
- [2] Н. Назарбаев. Бейбітшілік кіндігі. – Аст., 2001, 304 б.
- [3] Е. Қуандықов. Ғаламдық гуманитарлық түйіндер және Қазақстандық мүдделер. // Ақиқат. № 6 2002. 29 б.
- [4] Н. Байтенова. Діни экстремизм және оның алдын алу жолдары.